

6 модуль

ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ (1991-2001)

12 дәріс. Посткеңестік кезеңдегі ТМД елдеріндегі психологияның жай-күйі мен дамуы

Нарық қатынасына көшу кезеңіндегі психология ғылымдарының жай-күйі. Н. Елікбаевтың «Ұлттық психология» (Алматы, 1992), К. Жүкештің «Ұлттық психологияның табиғаты» (Алматы, 1993) монографиялары жарық көрді. Бұларда осы заманғы этникалық психологияның теориялық проблемалары сөз болды. Бұлардан басқа «Қазақ мектебіндегі оқыту мен тәрбиенің этнопсихологиялық аспектілері» (1990), «Қазақстандағы оқыту мен тәрбиенің ұлттық проблемалары» (1991) жалпы білім беретін мектептерге арналған «Әдеп және жантану» (оқу құралы), жоғары оқу орындарына лайықталған «Қазақ тәлім-тәрбиесі» (1995), «Этнопедагогика және этнопсихология» (1995) т.б. еңбектер жарық көрді. Мәселен, академик Т.Тәжібаевтың 80 жылдығына орай өткізілген «Қазақстандағы психология мен педагогиканың өзекті проблемалары» (1990) атты республикалық-ғылыми теориялық конференцияның Этникалық және тарихи психология секциясында 12 адам Қазақстаннан баяндама жасаған болса, «Халық педагогикасы мен психология дәстүрлерінің оқу-тәрбие ісінде қолданылуы» тақырыбына арналған ғылыми конференцияда (1992)

21 баяндама тыңдалып, талқыланды. Алматы облыстық Ұлттық тәлім-тәрбие ассоциациясы ұйымдастырған «Қазақстандағы этнопедагогика және этнопсихологияның теориялық және қолданбалы проблемалары» атты конференцияда 60-тан аса баяндама тыңдалып, оның екі секциясы этнопсихология мәселелеріне арналды (1994). Этнопсихология проблемалары төңірегінде бірнеше диссертация қорғалды.

Соңғы кездері этнопсихологияның әр түрлі мәселелері төңірегінде профессор Қ. Жарықбаев, профессор В.К. Шабельников, доцент Қ. Рахымбеков т.б. бірнеше еңбектер жазды.

2005 жылдың 22-23 ақпанында, Алматы қаласында академик Т.Т. Тәжібаевтың туғанына 95 жыл толуына орай, «Орталық Азия республикалары мен ТМД елдеріндегі түркі тілдес халықтардың этнопсихология мен этнопедгогикасының қазіргі жағдайы, олардың даму перспектикалары» атты 3-ші халықаралық ғылыми-теориялық конференция болып өтті. Оны әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, академик Т. Тәжібаев атындағы этнопсихология және этнопеагогика орталығы ұйымдастырды. Конференцияға әлемнің әр елінен, оның ішінде Қырғызстаннан, Өзбекстаннан, Әзербайжаннан, Татарстаннан, Түркменстаннан, Башқұртстаннан және Қазақстаннан ғалымдар қатысты.

Конференцияда 154 баяндама ұсынылды.

2006 жылдың 23 ақпанында, Алматы қаласында «Қазақстан мен Қырғызстан жас ғалымдарының этнопсихология мен этнопедагогика саласындағы ізденістері» атты бірлескен форумы болып өтті.

Конференцияны әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, академик Т. Тәжібаев атындағы этнопсихология және этнопедагогика орталығы ұйымдастырды. Оған Қазақстан мен Қырғызстаннан ғалымдар қатысты. Конференция жұмысы Қазақстан мен Қырғызстан ғылымындағы этнопсихологиялық және этнопедагогикалық зерттеудің мәселелерін талдауды мақсат еткен пленарлық отырыспен басталды.

Конференцияда 170 баяндама ұсынылды. Бұл қазігі кезеңдегі ғылымның дамуында этнопсихология мен этнопедагогика облыстарындағы жұмыстардың өзектілігін, отандық және шет елдік зерттеушілер тарапынан зор ғылыми қызығушылық тудырып отырғандығының айқын дәлелі.